**Курмин тірек мектебі (РО)**
**01.09.2022 Білім күніне арналған**
**«Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет»**
**тақырыбына арналған**
**5 «А», 6 «А»,7 «А»,8 «А» сыныптарының**
**РЕФЛЕКСИЯЛЫҚ ЕСЕБІ**

Бүгін 01.09.2022 жылы Курмин тірек мектебінде(РО) білім күніне орай «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында 5 «А», 6 «А», 7 «А»,8 «А» сыныптарында сынып сағаттары өткізілді.

**Мақсаты:** Еңбек - адамгершілік құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік беру, еңбек етуге деген қызығушылықтарын ояту, дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Қазақ халқының дәстүрлі тәлім-тәрбие беру жүйесінде жас кезінен бастап баланы еңбекке, белгілі бір кәсіпке баулыған. Жалқау, еріншек, жатып ішер арамтамақ болма, еңбек ет, ата-анаңа қолқанат бол дегенді баланың санасына құйып отырған. Әрбір жас бала “Еңбек етсең ерінбей, тояды қарнаң тіленбей” деген мақал рухында тәрбиеленген.








Отаншылдық сезім – ұлт рухының деңгейінің айнасы, өлшемі. «Балаңды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген екен дана халқымыз. Сондықтан да, сан ғасырлар

бойы сұрыпталған ұлттық құндылықтарымызды оқу-тәрбие процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, ұлтшылдық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын, бойында
ұлттық санасы қалыптасқан тұлғаларды тәрбиелеп шығару – жалпы ұлттың
алдында тұрған ұлы міндет болып отыр.










1-қыркүйек
Білім күні!
«Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет»